

Сағидуллина Аида Ахмедиярқызы

Шакупова Мулдир Кундзаковна

Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің III –курс студенттері

Екі шетел тілі (ағылшын, қытай)

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Халықаралық сипаттағы қытай тілінің рөлі

Қазіргі жаһандану заманында қытай тілі “болашақ тілі” деген атқа ие. Қытай тілі бұл күндері әлемдегі ең танымал 6 тілдің бірі болып саналады және статистикаға сүйенер болсақ, жер бетіндегі әрбір 5-ші адам қытай тілінде сөйлейді. Бұл тілде сондай-ақ, Индонезия, Камбоджа, Лаос, Вьетнам, Мьянма, Малайзия, Тайланд, Сингапур сияқты т.б елдер сөйлесе, жалпы әлемде бұл тілде сөйлейтін 1 миллиард адам өмір сүреді. Мұндай танымалдылыққа қытай тілі қалай жетіп отыр? Біз “аспан асты елінің” халық саны әлем бойынша ең көп екенін, сонымен қатар, экономикасының қарыштап дамып келе жатқанын жақсы білеміз. Әлемдік нарықта Қытай елінің алар орны да бөлек, беделі де баршылық. Сол себепті де, қытай тілінде сөйлеушілер саны артып, танымалдылыққа ие болып келеді. Еліміздің түкпір түкпірінде қытай тілін үйрету курстары жұмыс жасайды, университеттерде арнайы мамандарды дайындайды, тіпті кейбір заманауи мектептерде міндетті пән ретінде оқытылады. Бұл мамандық иелері болашақта: қытай тілі және әдебиеті пәндерінен мектепте немесе жоғарғы оқу орындарында оқытушы, зерттеуші-филолог, филолог-референт, филологаудармашы қызметтерін атқара алады. Студенттер Қытайға тілдік курстарға, академиялық оқу бағдарламаларымен, ҚХР тағайындаған гранттарды иелену арқылы, тіпті өз қаражаттарымен де тіл үйрену мақсатында Қытай еліне бара бастаған. Қытай тілінің танымалдығына қарамастан, қиындығы да біршама жеткілікті. Қытай тілін үйрену және үйрету кей жағдайларда көптеген қиындықтарға ұшырап, нәтижесіз аяқталып жатады. Осыған байланысты біз осы сұраққа жауап іздеп көрдік. Бұл сауалға көп студенттер «аспанасты елінде оқысақ та, тілді күні-

бейнесі қызғаныш(嫉), ұрыс(, ашу мен ыза(怒气) сөздерінде де келіп, әйел затының әлсіз тұстарын да көрсетіп жатады. Қытай иероглифтерінің бірнеше мағына беретінін біз білдік. Бұл жайлы көптеген ақпарат көздерінде де айтылады, сөздіктерде де көрсетіледі. Мысалы Ошаниннің «үлкен орыс-қытай тілдері» сөздігінде бір ғана “想” «шиан» деген иероглифтің өзі 12 мағына берген. Солардың ішіндегі ең көп тарағаны «ойлау», «сағыну», «қалау», «тұспалдау» сөздері. Қытай тілінің тағы бір ерекшелігі осы иероглифті жаттаған кезде оның бірнеше мағынасымен қоса, тондарының да өзгеру ерекшеліктерін есте сақтау керек. 2. Қытай тілінің артикуляциясы (дыбысталуы немесе тондары) шет елдіктер үшін қиын немесе меңгеруі мүмкін емес. Шындығына келгенде Қытай азаматтарының өздері де тондарды сақтап сөйлемейді. Мысалы оңтүстік кантон диалектінде сөйлейтін адамды тыңдаған кезде, біз өзіміз білетін «путунхуа-ортақ тараған қытай тілін» мүлдем естімейміз және салыстыра да алмаймыз. Себебі, мүлде ұқсастық жоқ. Керісінше, тай немесе филиппин тілін тыңдағандай әсерде боламыз. Сол себепті қытайлық телеарналарда, бағдарламалар мен фильмдерде иероглифтерден титрлер қоса жазылады. Қазіргі қытай тілінде 9 диалектілі топ бар, 6 топ жағалаудағы және орталық аудандарда орналасқан: У диалектісі- Шанхай және Нинбо қалаларында; Солтүстік минь диалектісі- Фучжоу қаласында; Оңтүстік минь диалектісі-Сямынь, Шаньтоу және Тайваньда; Хакка диалектісі-Мэйсянь қаласында; Кантон диалектісі-Гуандун провинциясында; Сянь диалектісі-Хунань провинциясында; Солтүстік Пекин диалектісі; Орталық Пекин диалектісі; Оңтүстік Пекин диалектісі. Диалектілер фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жағынан ерекшеленеді, бірақ олардың грамматикалық негізі мен сөздік құрамы бірдей. Өртүрлі диалектілерде сөйлейтіндердің сөйлеу құралы -нормативті қытай тілі болып табылады, оны- Путунхуа деп атайды [1]. Яғни, Қытай елінде қанша диалект болса да, бәрі бір «путунхуада» сөйлейді. Егер, біз бұлашақ тіл мамандары осы ерекшеліктерді ескеріп, мән беретін болсақ, қытай тілін үйрену аса бір қиындық тудырмайтынын көреміз.